Актердің Чарли Чаплиннің фильмнен бөлек, өмірдегі бейнесін сомдау да қиындығы болады. Фильмде актер қандай екенін білсек, өмірдегі Чаплин қандай болғаны туралы тек естеліктерде, жазбаларда айтылады. Бұл жерде Чаплиннің әйелдері, бірге жұмыс жасаған режиссер, актерлер Чаплин жайындағы естеліктерінде табылған аздаған, іліп алардық мінездемелеріне сүйеніп, оған қоса актер өз қиялынан фильмдегі емес, өмірдегі Чаплинді тудыру болды. Аталмыш тапсырма актерлерге артылған жүкті ауырлата түсті. Өйткені дәл қазір ғана бар болмысымен өзге адамның іс-қимылын, жүріс-тұрысын, болмысын қайталаған актерге бәрінен ажырап, өмірдегі Чаплинге, «тұлға Чаплин» емес, «тұрмыстағы Чаплинді» көрсету керек болды. Фильмдегі Чаплиннің түр-тұлғасын толық суреттеу үшін актерге жақсы қимыл-қозғалыс керек. Өйткені Чаплин пантомимамен тікелей байланысты. Біріншіден, ол кино әлеміне «музыка залдарында»

ойнаған эскиздерден, шағын скетчтардан келді. Бұл пантомима, сайқымазақ және арлекинададан келді. Сондықтан ол бұл жанрларды өте жақсы білді және оларды жақсы меңгерген. Екіншіден, үнсіз фильм актерден мимиканы жақсы меңгеруді талап етеді. Сөздің болмауы әрқашан қимылға назар аударуды арттырады. Көрермен актерлік ойында сөз болмағандықтан, не болып жатқанын түсінуге тырысып, актерлердің қимылдарына жүгінеді, ал сөздердің жоқтығына байланысты актерлер, әрине, барлық сюжетті, тек қимылмен білдіреді.

Чаплин «Кистоунға» келгенде, оның мимикалық шеберлігі басқа актерлерге қарағанда жоғары болды. Ол, тіпті, кейбір актерлерге қалай ойнауға және қалай қозғалуға болатыны туралы кеңестер берді. Чаплин өз фильмдерінде қолданатын трюктар, акробатикалық элементтер осы күнге дейін қолданыста. Оның «Кішкентай қаңғыбас» образы өте епті кейіпкер. Бұл бейнені XX ғасырдың басындағы көптеген актерлер еліктеп, қайталауға тырысты. Мысалы: комедияшы Билли Уэст ("The sandy Kid" фильмі, 1917).

Чаплин мен оның қаңғыбас бейнесінің әсері француз актері және режиссері Жак Татиға ықпалын тигізді. Кеңестік дәуірдегі танымал «қарындаш» клоунадасының тууына әсер етті. «Гонконгтық танымал кинорежиссер, көпшіліктің сүйіктісі Джеки Чанның шығармашылығынан, Чаплин фильмдерінен трюктерді байқауға болады, ол әртүрлі комедиялық жағдайларды тудыру үшін осы типтегі трюктерді қолданады» [5, 11 б.]. Акробатикалық трюктерге толы сахна қозғалысы элементтерінің негізінде қойылған сахналардың басым көпшілігінде Чаплин ұсынған күлкі тудыру үшін ойлап табылған элементтерді, трюктарды байқауға болады. Бұл кез келген шайқас сахнасын, қызықты, күлкілі сахнаға айналдырады. Тек қазір көріп жүргеніміз – заманауи, актерлік фантазиямен байытылған түрлері.

Актерлік ойыннан бөлек, сахна жарығы, дыбысы, актерлер костюмі, сахна суреті барлығы дерлік сол заманның өлшем бірліктеріне сай жабдықталды.

Көркемдік безендіруде кино түсірілетін павильонның таңдалуы оң нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Жарық пен костюмде, дыбыста сәйкесінше сол заманғы «дыбыссыз фильм» тудыру үшін, күлгін қара түстерге боялды. Қойылым әуел баста 35 сахнадан тұрды. Кейін дайындық барысында отыз үшке жетті. Демек, бір жарым сағаттық қойылымда 33 сахнаны тудыру үшін актерлерге де, музыкаға да, жарыққа жылдамдық керек. Сахнадағы динамиканы үдету үшін барлық дерлік реквизит, декорацияларға дөңгелек роликтер тағылды. Режиссердің шешімі бойынша жылжымалы декорациялар болды. Олар сол кездегі фильмдердегідей театрландырылған және уақыт рухын көрсетуі тиіс болды.

Композициялық тұрғыдан алғанда, Ч.Чаплиннің образ ойлап табуынан бастап, театр сахнасынан киноиндустрия саласына ауысуы, Дүниежүзілік соғыс, Ұлы тоқырау кезеңдерінің әсері, өмірден баласының өтуі, митингілер, Америкадан қуылуы, ең соңында Америка актерді мойындап, Оскар сыйлығын табыстауы бойынша сюжеттерге құрылған.

Тағы бұл қойылымды айшықтайтын тәсіл – бір актердің бірнеше кейіпкерді сомдауы, яғни қойылымдағы басты фигура Чаплиннен бастап актерлер кемі үш-төрт кейіпкер сомдады. Сол себепті кейіпкерлерді бір-бірінен оңай ажырату үшін, көермендерді шатастырмас үшін үлкен сақалдар, тез арада салынатын тұрпайы грим және қалпақшалар қолданылды. Олардың барлығы бір сахнадан келесі сахнаға ауысқанда, уақыт алмас үшін оңай ауысатын заттарға ауысты. Күрделі грим тек басты кейіпкерде болды. Одан бөлек қойылымның өзегі – Ч.Чаплин жазып қалдырған музыкалар. Чаплин актер, режиссер ғана емес, сонымен қатар тамаша композиторда болды.

"Чаплин екінші Оскар жүлдесін фильмге жазған музыкасы үшін алды" («Пандус шамдар»,1929, фильмі).

Сол кездегі кинотеатрларда жүретін фильмдерде музыканы пианинода орындайтын.

Сол фильмдердегі Чаплин шығармаларын театр актерлері нотаға түсіріп, қойылым барысында сахна

шетінде отырған концертмейстер бастан-аяқ сүйемелдеп отырды.

Нәтиже. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде, әлемге әйгілі фигура Ч.Чаплиннің кино өнерінде жасаған жаңалығы, кейінгі кино саласындағы күлегештер мен акробаттарға жаңа дем әрі серпіліс әкелген. Чарли Чаплинге еліктеп,ғ өнер жолында серпіліс жасаған Джеки Чан Чаплин секілді «Оскар» сыйлығын алды. Джеки Чанды басқа экшн кейіпкерлерімен шатастыруға болмайды. Ол әдеттегі көз үйренген, экранда бұлшық еттерін шығарып, артында қан іздерін қалдыратын мызғымас, қатал кейіпкер емес. Д.Чан өзінің бүкіл мансабын дерлік сүйкімді және қарапайым ақкөңіл кейіпкерлерді ойнады, ол барлық дерлік фильмдерінде, өз позициясын, Чаплин секілдіептілікпен және әзілмен береді. Күлегеш клоундар, мим жанры артистеріне сарқылмас қазына қалдырды.Салыстыру нәтижесінде анықталған, заманауи режиссерлердің жұмыс барысында жіберетін олқылығы анықталды. Жалпы қазіргі қазақ театрына дерт боп жабысқан бір проблема: – шақыртылған режиссер болсын немесе труппа режиссері болсын, қойылым дайындығы басталмай жатып, премьера күнін анықтап, тіпті, афиша шығарып, жарнаманың қойылымнан бұрын жүретіндігі. Сол себепті көптеген режиссерлер актермен сахнада кейіпкер тудыру үшін бар уақытын сарпып отырмайды. Оны өзі алдын ала дайындап келген эскиздермен жүргізеді немесе актердің қоржынындағы шаблондарды кейіпкер бейнесін жасауда пайдаланылуына мүмкіндік береді. Бұл тұста актерге толық мүмкіндік беріп, кейіпкер жасаушыға айналдыру үшін этюдтік тәсілдің неғұрлым пайдалы әрі көрерменнің қызығушылығы артады.

Басты қағида – актер «күйіп» кетуі керек. Барлығы материал оны «күйдіруі» керек, қызығушылығын арттыру керек, содан кейін ол одан талап етілетін нәрсені және одан да көп нәрсені жасайды, – деп пікір білдірді режиссер Николай Балобан.

Қорытынды. Чаплин тудырған "Кішкентай қаңғыбас" образы – сол заманның барлық еңсесі езілген төменгі тап өкілдерінің, жақсы өмір үшін

күресін бейнелейтін бейне. Ол кейіпкерге біреуге жанашырлық таныту, еліктеу және күлу, керек кезінде біреуге сазайын беруі де оңай болды. Оның «қаңғыбасы» төменгі тап өкілі ретінде жоғарғы лауазымды адамдардың «үстінен» күлуі –халықтың ыстық ықыласына лезде бөленуінің бірден бір себебі.

Оның бейнесінің көмегімен саясат пен қазіргі өмір туралы көп нәрсе айтуға болады. Чарли Чаплин фильмдерінің негізгі тақырыбы – өмір үшін күрес. Ол физикалық күштің дөрекілігі, полицияның ақымақтығы, өткендердің ептілігі ең кішкентай, ең кедей, ең әлсіз адамнан жеңілуі мүмкін екенін көрсетті.

Әлемге ең қиын сәтте де күле білуді үйреткен, кино әлеміне теңдессіз қазына сыйлаған Чаплиннің өнері әлі өмір сүре беретінін сөзсіз. Қиын сәтте күле білу өнері қай заманда тапшы құрал. Астанадағы Ә.Мәмбетов атындағы драма және комедия театры әлемдік бейнені өз деңгейінде ұсына білді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Чаплин Ч. Моя удивительная жизнь. Фалькон А., перевод., 2020. – Москва, Эксмо. – 512 с.
2. Макдональд Г.Д. Фильмы Чарли Чаплина. – Москва, 1965. – 224 б.
3. Хаффи Т. Чарли Чаплин. – Нью-Йорк, 1951. – 354 с.
4. Садуль Ж. Чарли Чаплин. Перевод с фр.-М.: Искусство, 1981. – 208 с.
5. Кудрявцева М.А. Творчество Ч.С.Чаплина в контексте западной культуры XX века». – СПБГУ, 2017. – 87 с.

References:

1. Chaplin Ch. *Moja udivitel'naja zhizn'.* Fal'kon A., perevod., **2020**. – Moskva, Jeksmo. – 512 s. *(In Russ.).*
2. Makdonal'd G.D. *Fil'my Charli Chaplina.* – Moskva, **1965**. – 224 b. *(In Russ.).*
3. Haffi T. *Charli Chaplin*. – N'ju-Jork, **1951**. – 354 s. *(In Engl.).*
4. Sadul' Zh. *Charli Chaplin.* Perevod s fr.-M.: Iskusstvo, **1981**. – 208 s. *(In Russ.).*
5. Kudrjavceva M.A. *Tvorchestvo Ch.S.Chaplina v kontekste zapadnoj kul'tury XX veka*». – SPBGU, **2017**. – 87 s. *(In Russ.).*

ҒТАХР 17.09.91
ӘОЖ 82-1 ***DOI:10.56032/2523-4684.2023.4.8.59***

М.К. Жумакулова[1]

[1]Қазақ ұлттық хореография академиясы
(Астана, Қазақстан)

МАҒЖАН ПОЭЗИЯСЫ – ҚАЙТАЛАНБАС ЖАРЫҚ ҚҰБЫЛЫС

Аннотация

Мақалада Мағжан Жұмабаев поэзиясының құдіреттілігі, оқырмандарына көтеріңкі көңіл – күй, бойға қуат, жанға жігер, ойға серпін беретіндігі туралы жазылған. Өленderінің ерекшелігі сол – жастардың бойындағы ұлттық рухты күшейтеді, отаншылдық сезімін арттырады. Жас ұрпақты батырлыққа, елін, жерін сүюге тәрбиелейді. Мағжанның барлық өмірі поэзиясында. Мағжан Жұмабаев – поэзия әлемінің жарық жұлдызы ғана емес, қазақ поэзиясындағы қайталанбас құбылыс екендігі туралы жазылған.

Түйінді сөздер: *ақын, поэзия, сыршыл ақын, өлең, құдіретті, азаматтық рух, лирик ақын.*

М.К. Жумакулова[1]

[1]Казахская национальная академия хореографии
(Астана, Казахстан)

ПОЭЗИЯ МАГЖАНА ЖУМАБАЕВА – НЕПОВТОРИМОЕ ЯВЛЕНИЕ

Аннотация

Статья посвящена особенностям поэзии Магжана Жумабаева, поскольку его лирика дарит читателям не только приподнятое настроение, но и энергию для жизни, энергию для души, становится толчком для мысли. Сила его поэзии заключается в том, что она укрепляют в молодежи национальный дух и повышают чувство патриотизма. Стихи Магжана призывают молодое поколение быть храбрым, любить свою страну и землю. Вся жизнь Магжана – в поэзии. Магжан Жумабаев – не только яркая звезда мировой поэзии, но и уникальное явление в казахской поэзии.

Ключевые слова: *поэт, поэзия, поэт-философ, стихи, всесильный, дух, гражданская лирика поэта.*

M.K. Zhumakulova[1]

[1]*Kazakh National Academy of Choreography*
(Astana, Kazakhstan)

MAGZHAN ZHUMABAYEV'S POETRY IS A UNIQUE BRIGHT PHENOMENON

Annotation

The article tells about the power of Magzhan Zhumabayev's poetry, that it gives its readers an upbeat mood, energy for life and soul, and an impetus for the mind. The peculiarity of his poems is that it strengthen the national spirit of the young people and increase the feeling of patriotism. Encourages the young generation to be brave and to love their motherland. Magzhan's whole life is in poetry. It is written that Magzhan Zhumabaev is not only a bright star of the world of poetry, but also a unique phenomenon in Kazakh poetry.

Key words: *poet, poetry, mystery poet, poem, powerful, civic spirit, lyric poet.*

Кіріспе. Мағжан Жұмабаев – поэзия әлеміндегі жарық жұлдыз, қайталанбас құбылыс. Оның қуатты, бойға жігер, жүрекке от беретін рухты үні, ізденістері мен жаңашылдығы қазақ әдебиетін XX ғасырдың басында-ақ Еуропа, орыс әдебиетінің биік деңгейіне көтерді. «Өлеңді музыкаға айналдырған, дыбыстан сурет тұрғызған, сөзге жан бітірген, жаңа өлшеулер шығарған». Мағжанның осындай қасиеттерін, ішкі шығармашылық құдіретін жұрттан бұрын байқаған әрі аса жоғары бағалаған Мұхтар Әуезов: «Мағжан – мәдениеті зор ақын. Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның тегінен асқандай, сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертерек шыққандай. Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін» деп жазды [1, 4 б.].

Зерттеу әдістері. Мағжан поэзиясы – одан рухани азық алып, жандүниеңді байытып, өмір құбылыстарына деген көзқарасыңды кеңейтіп,

қоршаған ортаның қыр-сырын түсінуге көмектесетін көркем дүние. Мағжан – сыршыл да өршіл маржан жырларының құдіреті арқылы өзінің бүкіл болмысы мен поэзиясының ерекшелігін танытып кеткен ұлы ақын. Құбылмалы өмір күйінен өз әуезін таба білген ақын қашанда тек ұлтының керегін іздеп, мұңы мен зарын жоқтауға, қуанышын көркейтуге, жаманын жасырмай, жақсысын асырмай жырлауға берік бекінген. «Мақсаты тіл ұстартып, өнер шашпақ» болған ұлы ұстазы Абайша бар мақсаты ұлтының азаттық пен бостандыққа қол жеткізуі болған. Мағжанның алғаш жарық көрген өлеңінің өзінен-ақ ақынның кейінгі ұлы мақсаттары көзге шалынды. Тұтасымен алғанда Мағжан өлеңдері қазақтың сөз өнері үшін жаңа дүние. Ақын өлеңдерін оқи отырып, оның түйсіну, қабылдау қабілетінің айрықша мол, әрқилы екенін аңғарасың, терең эстетикалық талғамды сезінесің. Біз Мағжанды сыршыл ақын дегенімізде, көбіне оның махаббат, сүйіспеншілік тақырыбына жазылған өлеңдері төңірегінде ой қозғаймыз. Бірақ азамат ақын бұл тақырыптағы өлеңдерінде де азаматтық жүкті алға қояды. Біршама өлеңдерінде ол махаббат, сезіміне тән азығы емес, жан азығы ретінде қарайды. Ұлы күрестер жолында бойға қуат, күш берер рухани азық деп біледі. Ұлы сезімнен жаны гүлденген ақын ұлты үшін күреске нық сеніммен қадам жасайды.

Тақырып бойынша әдебиеттерге шолу.

Осы мақалада Ысқақұлы Д. «Поэзия падишасы» [1], Сүлейменов Ж. «Бұйырса, шырақ сөнбес, ұзақ жанар...»[2], Бакаева М.М. «Мағжан Жұмабаев поэзиясының көркемдік әлемі» [3], Оспанова Г.Т. «Мағжан өлеңдеріндегі азаматтық рух, ағартушылық-демократтық сарын»[4], Қожаниязова А.Е. «Поэзия әлемінің жарық жұлдызы» [5] мақалары колданды. «Мағжан - ақынның ақыны». Содан да оның жырларын талдауға шеберлігін сынауға екінің бірінің жүрегі дауаламаған, білімі, күші жете бермеген. Бұған қасы мен досы қатар жүрген кезде де ешкім уәж айта алмаған. Қазақтың белгілі ағартушысы Жүсіпбек Аймауытов 1923 жылы Ташкентте оқып жүрген қазақ студенттерінің алдында жасаған баяндамасында

Мағжан сыршылдығымен, суретшілдігімен, сөзге еркіндігімен, тапқырлығымен, маржандай тізілген, торғындай үлбіреген нәзік үнді күйімен, шерлі, мұңды зарымен күшті екенін айта келіп, «Мағжан – алдымен сыршыл ақын. Мағжан сөзіндей тілге жұмсақ, жүрекке тиетін үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес. Мағжан не жазса да сырлы, көркем, сәнді жазады. Оқушының жүрегіне әсер бере алмайтын құрғақ өлеңді, жабайы жырды Мағжаннан таба алмайсыз» – дейді, Мағжанды Пушкинге теңейді. Осы арада орыс халқының үлкен ақыны, ғалым В. Я. Брюсовқа телініп жүрген «Мағжан – қазақтың Пушкині» деген сөздердің нағыз авторы кім екенін айыруға болатын сияқты.

Зерттеу нәтижесі. Мағжан поэзиясының тіл кестесі, лирикасындағы сыр сезім тоғысы, суреткерлік пен ойшылдық оқырманын талай рет тамсандырып, небір дуалы ауыздардың ілтипатына ие болып, өзіне тәнті еткен. Атын атауға жасқанып, бұқпантайлаған заманда да тасты жарған тас бұлақтың суындай нәрлі поэзия жасырып оқыған талай жүректі өзіне баурап, өзгеше күйге бөлегені шындық. Мағжан поэзиясының осынау құдірет күшін өз замандастары толық мойындап, кейі ашық, кейі жұмбақтап болса да жазып та, айтып та кеткен.

Мағжан өлеңдерін оқи отырып, өзі көп айтатын тылсым буғандай әсерге енесің, таңғаларлық күй кешесің, ойлар мен толғамдардың терең тұңғиығына сүңгіп, әсем суреттер дүниесіне кіресің, не суық, не жылы, әлде жарық, әлде көмескі сезімнен хабар беретін алуан бояудың сырларына қанығып, ақынның құдіретті шеберлігін мойындайсың.

Ақын жырларында табиғат пен адамның жан дүниесі бірге өріліп, бірге қанаттасып жатады. Әлем құбылысы санамен, көңілмен үндесіп, сұлу, сырлы, тіпті кейде ақыл-ойға сыймайтын фантастикалық суреттерді көз алдыңа келтіреді. Сөз көбіне ойдың білінер-білінбес сыртқы қауызы ғана сияқты көрінеді де, ақынның құдіретті шабытымен кестелеген түпкі мағына сурет болып санаңа еніп, сезіміңді қалай билеп алғанын білмей де қаласың. «Жазғы жолда» деген өлеңінде ақын былай дейді:

Дала. Дала. Сар дала!
Жапан түзде бір қара...
Шілде. Оттай ыстық күн.
Дала – өлік. Жоқ бір үн.
Жер де жатыр тұншығып.
Жол жыландай иірілед,
Шаң ерініп, үйірілед.
Ешбір леп жоқ, тып-тыныш [3].

Қарапайым көріністер мол сырға ие болып, жол, дала, көк аспан, бұлт – бәріне де жан бітіп, адамның өзімен тілдескендей әсер қалдырады. Өзіміз оны көзбен көріп, құлақпен естігендей боламыз. Адам мен табиғат арасы ақын өлеңінде ажырамас бірлікте тоғысқан, яғни айнала өмір, ақынның оны қабылдауы сырлы сөз күшімен әсерлі сурет болып шыққан.

Мағжан Жұмабаев – қазақтың ұлттық тұрмыс-тіршілігін, өткенін жан-тәнімен сүйген ұлтшыл ақын. Өткен өмірдің жақсы жақтарын өлеңмен өрнектеуге келгенде ақынның қаламы жүйрік. Өлеңдерінің ұлттық идеяларымен суарылып отыруы – ақынның бүкіл поэзиясына тән өзіндік ерекшелігі.

Шын мәнінде елін, жерін сүйген адам ғана халқының патриоты бола алады. Олар халқына адал қызмет етіп, өмірін соған арнайды. Патриоттар елінде болып жатқан әрбір оқиғадан қалыс қала алмайды. Жақсы болса, халқымен бірге қуанады; жаманына күйзеледі. Мағжан да өзінің бар саналы өмірін туған халқына қызмет етуге арнаған шығармашылығымен елінің елдігін де, ездігін де жырға қосқан, сонысы үшін отқа да күйген, суға да түскен аяулы азаматтарымыздың қатарында көріне біледі.

Мағжан – қазақ поэзиясының жарық жұлдызы ұлы Абайға еліктей отырып, ұлы ұстаз жолын ұстанғанмен өзінше жол табудан жалықпай, көп ізденген жан. Өлеңдеріндегі табиғат суреттері, оның тылсым шақтары ақын көңіл-күйімен, мұң-қайғысымен, қуаныш-шаттығымен қат-қабат келіп отырады. Осының бәрі тұтаса келіп, Мағжан суреттеп отырған дәуірдің бейнесін толық ашып береді. Сондықтан да бейнешілдікті ең шырқау биігінде көрсету үшін, ақын өз басындағы қайғы мен қасіретті, мұң мен зарды халық басындағы ауыр күндермен

астастыра жырлайды. Ол қандай сөз қолданса да талғап, ой таразысынан өткізіп, өлеңнің ішкі-сыртқы тұтастығының сай келіп отыруын көздеген. Өйткені оның өлеңдерінен басы артық, бос сөздерді кездестіре алмайсыз. Қай өлеңін алсаң да белгілі бір ырғақпен, әдемі әуезбен, сөз өнерінің сиқырлы әлеміне тарта береді. Сондықтан да Мағжанның «суретті, кестелі, көркем сөзі» ешкімге ұқсамас өзіндік өрнек.

Мағжан – қазақ поэзиясында өзіндік жаңашылдығы мен дәстүр қалыптастырған, соны ізденістері арқылы өзіндік өнерпаздығына ғана тән әдеби әдістер әкелген ақын. Ол қазақ лирикасына сыңғырлаған нәзік әуез нәрін құйып, ұлттық рухты ұлттық сезімнен қуат алған өзгеше үнмен жырлады.

Сүйіспеншілік – Мағжан поэзиясының өзегі, қаны, жаны, жүрегі. Оның «Сүй, жан сәулем», «Төгілген шашы», «Күміс нұрлы ай», «Шолпан», «Сүйгенім анық», «Хор сипатты қарындас», «Жас сұлуға», «Сәуле», «Гүлсім ханымға», «Жұлдызды жүзік, айды алқа ғып берейін» т.б. өлеңдерінде адам жанының сүйгеніне деген не бір тылсым сырлы әсем өрнек тапқан. Осы өлеңдерінің қай-қайсы болса да өзінше бір әлем, бір-бірін қайталамайды. Шетінен самалдай соғып, жібектей желпіп, жүректі тербетіп, ғажап бір күйге бөлейді.Ананы жырламаған ақын кемде-кем. Адам үшін өмірден қымбат еш нәрсе жоқ болса, сол өмірді сыйлаған – ана. Мағжан да ананы жырға қосқан. «Сүйемін» деген өлеңінде ол асыл анасын, сүйген жарын, өскен елін, туған жері Арқаны сүйетінін жырлайды. Осылардың ішінде ананы бірінші қояды.

«Күлдей күңгірт шашы бар,
Тоқсан бесте жасы бар.
Көз дегенің сұп-сұр көр.
Тасбиық санап бүгіліп,
Жерге қарап үңіліп,
Көрше ауыр күрсінер,
Менің бір қарт анам бар,
Неге екенін білмеймін,
Сол анамды сүйемін!» [3].

Ақынды ақын қылатын – сүйіспеншілік сезімдері. Ата-анасын, ғашық жарын, туған жерін, өскен елін

сүймеген адам ақын бола алмайды. Өзіне өмір сыйлаған анасын, ғашығын сүйіп өскен Мағжан туған жерін де, қазақ елін де жанымен сүйе білді. Ақынға туған жерден ыстық жер жоқ.

Сағымы сайран құрады,
Бораны ұлып тұрады.
Қыс – ақ кебін, жаз – сары.
Орманы жоқ, шуы жоқ,
Тауы да жоқ, суы жоқ,
Мәңгі өлік сахарасы.
Сарыарқа деген жерім бар,
Неге екенін білмеймін,
Сол Арқамды сүйемін, – [3]

деп жырлайды ақын. Ақын туған жерін сол жерде кіндік қаны тамып, өмірге келгендігі үшін, есі кіріп, ержеткендігі үшін сүйеді. Мағжан үшін де өзі туған Сасықкөлден артық жер бетінде жер жоқ. Ақын көзімен қарасаңыз, «алыстан мұнарланып шалқыған көлдің» жағасындағы ауылда өткен өмір – романтика. «Туған жерім – Сасыққөл» атты өлеңінде ақынның туып-өскен ауылына деген ыстық махаббаты бүлкілдеп тұр.

Айдын көл ата қоныс құт болған көл.
Сусын боп сұрағанға от болған көл.
Кеше бірлік, ынтымақ түгел шақта,
Бейне бір сенің басың сүт болған көл, – [3]

деп жырлаған туған жерінің ертеңі ақын жүрегін мазалап, тыныштық бермейді – етіп, өмірін соған арнайды. Патриоттар елінде болып жатқан әрбір оқиғадан қалыс қала алмайды. Жақсы болса, халқымен бірге қуанады; жаманына күйзеледі. Мағжан да өзінің бар саналы өмірін туған халқына қызмет етуге арнаған шығармашылығымен елінің елдігін де, ездігін де жырға қосқан, сонысы үшін отқа да күйген, суға да түскен аяулы азаматтарымыздың қатарында көріне біледі.

Ақын жырлаған сүйіспеншілік, туған жер, азаттық, оқу-білім тақырыптарындағы өлеңдерінің қайсысын алсаң да, терең ой мен тылсым сезімге толы. Оның шығармашылығында ағартушылық-демократтық сарында жазылған туындыларының алар орны зор. Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін»,

«Күншығыс», «Жазғы таң», «Өнер-білім қайтсе табылар», «Қазағым» атты бірқатар өлеңдерінен оның азаматтық рухы мен ағартушылық ой-пікірін аңғарамыз. Мәселен, «Қазағым» өлеңінде ақын:

«Кел, қазақ, қолдағыдан құр қалмайық,
Отырайық жиылып, ондалайық.
Мың жылғы еткен қуам деп ата заңды,
Өнерден кеш қалармыз, ойланайық», – [4]

деп, қараңғылыққа қамалған қалың елін өнер- білімге бет бұруға үндейді.

«Басқа жұрт аспан-көкке асып жатыр,
Кілтін өнер-білім ашып жатыр», –

деген өлең жолдарында ол қазақтың өзге елдердің көшіне ілесе алмай, бар жақсылықтан құр қалып жүргенін өкіне жырлайды. Сонымен бірге ақын:

«Ер жігіт өнер табар ерте қуса,
Ерініп шаршамастай, белін буса» –[4]

дей келе, дамыл таппай еңбек етіп, шаршамай ізденсе, ер жігіттің өнер кілтін тауып, бақытқа қол жеткізетініне сенім білдіреді. Ал «Пайғамбар» өлеңіндегі өршіл ақынның:

«Күншығыстан таң келеді, мен келем,
Көк күңіренеді, мен де көктей күңіренем,
Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,
Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем» – [4]

деген қуатты сөздері оның бойындағы азаматтық рух пен ертеңге деген сенімділікті дәлелдей түседі. Осы сарындас «Күншығыс» шығармасында ол түркі тектес халықтардың бәрінің болашағынан үміт күтіп, түбінде Шығыстың жарық сәулесінің Батыстың қара бұлтын сейілтетінін жеткізеді.

Қорытынды. Мағжан Жұмабаевтың ақындық табиғаты Абайға да, оның кейінгі ақындарға да ұқсамайды. Оның қайталанбас қолтаңбасы өзіндік, айрықша екені даусыз.Ақындық өлеңдеріне ден қоя оқып, жалпы ауқымына көз жібергенде, аса қалап, сүйіп жырлаған тақырыбы адам, «адамның кейбір кездері» деп Абай айтқандай, амадның ойы ішкі көңіл күйі екенін ұғамыз. Не жазса да, ең алдымен өз жүрегіне үңіледі, сол арқылы айналадағы әлемдегі білуге, өмір шындығын ұғуға ұмтылады. Егер шартты түрде өлеңдер тақырыбын жіктеуге тура келсе, туған

өлке туралы және адамның өмірдегі орны, бүкіл адамзаттың ар-ожданы хақында деп айтуға болады.

Мағжан өлеңдерін оқи отырып, өзі көп айтатын тылсым буғандай әсерге енесің, таңғаларлық күй кешесің, ойлар мен талғамдардың терең тұңғиғына сүңгіп, әсер суреттер дүниесіне кіресің. Ақын жырларында табиғат пен адамның жан дүниесі бірге өріліп, бірге астасып жатады. Әлем құбылысы санамен, көңілмен үндесіп, сұлу, сырлы, тіпті кейде ақыл-ойға келмейтін фантастикалық суреттерді елесетесің. Тұтасымен алғанда Мағжан өлеңдері қазақтың сөз өнері үшін жаңа дүние. Мағжан Жұмабаевтың көпшілік қауым арасында машһүр ақын екені даусыз.

Мағжан – ұлтымыздың мақтанышы, халқымыздың бағына туған жарық жұлдызы. Мағжандай ақынның өлеңдерімен сусындап өскен ұрпақ – бақытты ұрпақ. Ол жастарға, яғни бізге, үлкен сенім артып, еліміздің атақ-даңқын шарықтататын жас ұрпақ екеніне кәміл сенген.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ысқақұлы Д. Мағжан – поэзия падишасы. – Алматы. Дәуір, 2020. – 256 б.
2. Сүлейменов Ж. Мағжан: Бұйырса, шырақ сөнбес, ұзақ жанар... // Интернет дереккөз: https://dereksiz.org/mafjan-bjirsa-shira-sonbes-za-janar.html (Қаралған күні 09.07.2016).
3. Бакаева М.М. Мағжан Жұмабаев поэзиясының көркемдік әлемі // Интернет дереккөз: Білім және тұлға 2018-01-11 https://bilimainasy.kz/0%BA%D3%A9%D1%80%D0%BA%D0%B5%D0%BC%D0%B4/ (Қаралған күні 01.11.2018).
4. Оспанова Г.Т. Мағжан өлеңдеріндегі азаматтық рух, ағартушылық-демократтық сарын // Интернет дереккөз: https://bilim-all.kz/article/7713-Magzhan-olenderindegi-azamattyq-ruh-agartushylyq-demokrattyq-saryn (Қаралған күні 18.10.2018).
5. Қожаниязова А.Е. Поэзия әлемінің жжарық жұлдызы // Интернет дереккөз: https://infourok.ru/poeziya-lemini-zhari-zhldizi-2427364.html (Қаралған күні 05.01.2018).

References:

1. Ysqaquly D. *Maǵjan – poezıa padıshasy*. – Almaty. Dáýir, **2020**. – 256 b. *(In Qazaq.).*

2. Súleımenov J. *Maǵjan: Buıyrsa, shyraq sónbes, uzaq janar...* // Internet derekkóz: https://dereksiz.org/mafjan-bjirsa-shira-sonbes-za-janar.html (Qaralǵan kúni 09.07.**2016**). *(In Qazaq.).*

3. Bakaeva M.M. *Maǵjan Jumabaev poezıasynyń kórkemdik álemi* // Internet derekkóz: Bilim jáne tulǵa 2018-01-11 https://bilimainasy.kz/0%BA%D3%A9%D1%80%D0%BA%D0%B5%D0%BC%D0%B4/ (Qaralǵan kúni 01.11.**2018**). *(In Qazaq.).*

4. Ospanova G.T. *Maǵjan óleńderindegi azamattyq rýh, aǵartýshylyq-demokrattyq saryn* // Internet derekkóz: https://bilim-all.kz/article/7713-Magzhan-olenderindegi-azamattyq-ruh-agartushylyq-demokrattyq-saryn (Qaralǵan kúni 18.10.**2018**). *(In Qazaq.).*

5. Qojanıazova A.E. *Poezıa álemińiń jjaryq juldyzy* // Internet derekkóz: https://infourok.ru/poeziya-lemini-zhari-zhldizi-2427364.html (Qaralǵan kúni 05.01.**2018**). *(In Qazaq.).*

МРНТИ 06.71.41
УДК 338.1 ***DOI:10.56032/2523-4684.2023.4.8.69***

А.С. Кулмаганбетова[1]
Ж.А. Бабажанова[2]

[1,2]Казахская национальная академия хореографии
(Астана, Казахстан)

ВАЖНОСТЬ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ МСБ И КРЕАТИВНЫХ ИНДУСТРИЙ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

Статья посвящена вопросам становления и развития креативных индустрий в Казахстане. Определены место и роль малого и среднего бизнеса в развитии креативных индустрий. Раскрыта сущность понятия креативных индустрий и выявлены факторы, оказывающие влияние на развитие креативного бизнеса. Также в статье рассматривается важность взаимодействия креативных индустрий с малым и средним бизнесом и определения его механизма. На основе проведенного анализа состояния креативных индустрий в Казахстане выявлены факторы их развития.

Ключевые слова: *креативные индустрии, малый и средний бизнес, креативный бизнес, креативное предпринимательство.*

А.С. Кулмаганбетова[1]
Ж.А. Бабажанова[2]

[1,2]Қазақ ұлттық хореография академиясы
(Астана, Қазақстан)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШОБ ПЕН КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯЛАРДЫҢ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аннотация

Мақала Қазақстандағы креативті индустриялардың қалыптасуы мен дамуы мәселелеріне арналған. Шағын және орта бизнестің креативті индустрияларды дамытудағы орны мен рөлі анықталды. Креативті индустриялар ұғымының мәні ашылып, креативті бизнестің дамуына әсер ететін факторлар анықталды. Сондай-ақ, мақалада креативті индустриялардың шағын және орта бизнеспен өзара әрекеттесуінің және оның

механизмін анықтаудың маңыздылығы қарастырылады. Қазақстандағы креативті индустриялардың жай-күйін талдау негізінде олардың даму факторлары анықталды.

Түйінді сөздер: *креативті индустриялар, шағын және орта бизнес, креативті бизнес, креативті кәсіпкерлік.*

A.S. Kulmaganbetova[1]
Zh.A. Babazhanova[2]

[1,2]*Kazakh National Academy of Choreography*
(Astana, Kazakhstan)

THE IMPORTANCE OF INTERACTION BETWEEN SMES AND CREATIVE INDUSTRIES IN KAZAKHSTAN

Annotation

The article is devoted to the formation and development of creative industries in Kazakhstan. The place and role of small and medium-sized businesses in the development of creative industries are determined. The essence of the concept of creative industries is revealed and the factors influencing the development of creative business are identified. The article also discusses the importance of the interaction of creative industries with small and medium-sized businesses and the definition of its mechanism. Based on the analysis of the state of creative industries in Kazakhstan, the factors of their development have been identified.

Keywords: *creative industries, small and medium business, creative business, creative entrepreneurship.*

Введение. В настоящее время креативные индустрии являются важным фактором экономического развития как на мировом уровне, так и на национальном. Важность развития креативного сектора экономики определяется его долей в мировом ВВП, которая в среднем достигает 10%, что сопоставима с долей такого наиболее важного сектора экономики как сельское хозяйство.

Креативные индустрии - особый сектор экономики, основанный на продаже товаров и услуг, являющихся результатом интеллектуальной деятельности.

Одними из первых, определивших тему креативной экономики как социально-экономического явления, были Дж. Хоукинс, Р.

Флорида («Креативный класс: люди, которые меняют будущее») и Ч. Лэндри («Креативный город»), рассматривающие креативность и творческое мышление как одни из ключевых факторов формирования современного жизненного уклада и необходимого атрибута устойчивого развития новой экономики. Авторы обратили внимание на вклад в развитие экономики ученых, артистов, людей, обладающих творческим мышлением и способностью к генерации оригинальных, нестандартных идей.

Именно креативные индустрии сегодня в мире выступают в качестве основного источника новых технологий, новых отраслей, новых материальных благ и важных для страны экономических преимуществ.

Креативную индустрию формируют все предприниматели, которые извлекают доход из создания и реализации какого-либо товара или нематериального продукта и услуги в рамках творческой интеллектуальной деятельности. Основными критериями отнесения видов деятельности к творческим индустриям являются коммерциализация результатов творческой деятельности, а также право интеллектуальной собственности.

Креативные индустрии – это сектор экономики, включающий виды деятельности, основанные на знаниях, ориентированные на получение доходов от торговли и реализации прав интеллектуальной собственности [1]. Роль креативных индустрий особенно возросла в период пандемии, когда встала острая необходимость перехода на удаленные средства и способы жизнедеятельности людей. В зависимости от наличия благоприятных условий для развития креативных индустрий уровень и масштабы их развития по странам различаются. Совокупность факторов, оказывающих влияние на развитие креативного сектора экономики включает в себя две основные группы:

- уровень развития человеческого капитала, наличие талантливых и творческих людей, способные

генерировать новые и оригинальные идеи, с высоким уровнем профессионализма;

- уровень развития малого и среднего бизнеса в стране, так как именно эта сфера является наиболее благоприятной для развития креативных индустрий, в силу своей гибкости и возможности быстрого реагирования на всевозможные изменения во внешней среде.

Сегодня малый и средний бизнес в Казахстане является одним из приоритетных направлений реализации стратегических государственных программ и Нового экономического курса страны. Президент Республики Казахстан К.Токаев в Послании народу Казахстана отмечает, что «эффективный малый и средний бизнес – прочная основа развития города и села, которая играет важную роль в социально-экономической и политической жизни страны» и ставит задачу «увеличение к 2025 году доли МСБ в ВВП до 35%, а числа занятых – до 4 миллионов человек» [2].

Методы исследования. Для проведения исследований при определении важности развития креативных индустрий в Казахстане были использованы ряд методов, среди которых статистический анализ данных, экономическое моделирование, кейс-стади, сравнительный анализ различных подходов к развитию креативных индустрий. Также были использованы методы теоретического анализа для более глубокого понимания важности и вклада креативных индустрий в различные сферы общества и экономики.

Обзор литературы. В научных трудах проблема развития креативных индустрий рассмотрена в нескольких направлениях. Это связано с разнообразием отраслей, входящих в сферу креативных индустрий. Первые понятия относительно креативных индустрий были рассмотрены в трудах американского экономиста Р.Флориды [3], который креативные индустрии определяет, как один из основных факторов развития общества. История возникновения и особенности

креативных индустрий рассмотрены в трудах Дж.О'Коннор [4], Д.Тросби [5], Дж.Хоукинс [6].

В числе российских исследователей проблем развития креативных индустрий есть такие авторы как Е.В. Зеленцова [7], Н.Г. Федотова [8], В.В. Васекина [9], И.Н. Дубина [10], М.С. Перескокова [11], А.В. Вислов [12], А.А. Петрова [13], Е.В. Сачков [14] и другие. В трудах данных ученых креативные индустрии рассматриваются как средство развития городов на примере российских реалий, а также с точки зрения экономики.

Среди казахстанских исследований можно выделить труды таких авторов как Ф.Г. Альжанова, Ф.М. Днишев [15], Т.П. Притворова [16], А.А. Гончарова, Д.О. Шаяхмет [17], Ж.С. Темербулатова, А.С. Жупарова, А.А. Нусюпаева [18], которые на основе анализа зарубежного опыта и современного состояния развития креативных индустрий в Казахстане выявили основные проблемы.

Несмотря на достаточную степень изученности вопросов определения теоретических основ понятия «креативные индустрии», а также экономических основ формирования креативных индустрий нами установлено, что есть пробелы в исследовании роли и места малого и среднего бизнеса в развитии креативных индустрий как в целом, так и в Казахстане. В частности, не исследованы факторы, влияющие на взаимодействие малого и среднего бизнеса и креативных индустрий, пути и способы эффективного их взаимодействия. Важным остается вопрос выработки эффективного механизма обеспечения взаимодействия малого и среднего бизнеса с креативным сектором экономики.

Результаты исследования. Актуальность развития творческой индустрии состоит в том, что она создает рабочие места, которые не смогут заменить технологии, потому что они зависят от человеческого творчества и интеллекта, при этом, развитая креативная индустрия – залог повышения инвестиционной привлекательности страны. По данным ЮНЕСКО креативная индустрия признается динамично развивающейся частью мировой

экономики. Данная отрасль приносит около 2,3 трлн долл. США в год.

К креативным индустриям относятся сектора экономики, сырьем которых являются воображение, творчество и интеллектуальный капитал. А в основе креативных индустрий лежит бизнес и предпринимательство, а не только дотационная сфера культуры. Культура и культурное предпринимательство – это эксклюзив, штучность, уникальность.

Помимо традиционных секторов экономики, связанных с классическим пониманием культуры и искусства, к креативным индустриям можно отнести цифровой сектор, профессиональную, научную и техническую деятельность, сектор информации и связи. Главное отличие данного сектора экономики - работа с объектами интеллектуальной собственности

Согласно статистическим данным в Казахстане доля креативных индустрий в структуре валового внутреннего продукта по итогам 2020 года составила 2,67 %, что ниже на 4% от среднемирового уровня. За 2017- 2020 гг. вклад креативных индустрий в экономику показывает устойчивую динамику на уровне 2,8 %.

Анализ развития креативных индустрий в Казахстане показал наличие таких системных проблем как отсутствие законодательно утвержденных понятий креативных индустрий и деятельности субъектов предпринимательства в креативных индустриях, существующие меры государственного стимулирования ориентированы на такие традиционные приоритетные отрасли экономики, как сельское хозяйство и обрабатывающая промышленность, и не учитывают особенностей развития креативных индустрий, где основным фактором производства выступают не машины и оборудование, а человеческий капитал, субъекты малого и среднего предпринимательства в креативных индустриях находятся в прямой зависимости от эффективности управления интеллектуальной собственностью, что связано с проблемами развития современных инструментов

заключения лицензионных договоров, проблема нехватки и низкого качества человеческих ресурсов, необходимых для развития креативных индустрий, перспективные творческие инициативы с высоким бизнес-потенциалом, возникающие на стыке культуры и других отраслей, зачастую находятся вне фокуса государства, отсутствие инфраструктуры развития креативного предпринимательства и формирования устойчивых креативных индустрий в стране, слабая инвестиционная привлекательность креативных индустрий в Казахстане [1].

В целях решения вышеперечисленных проблем в Казахстане предприняты некоторые меры, в числе которых принятие Концепции развития креативных индустрий на 2021-2025 годы, утвержденной Постановлением Правительства 30 ноября 2021 года. В результате реализации Концепции будут сформированы необходимые институциональные условия и предпосылки для развития креативных индустрий. Субъекты креативного предпринимательства, а также творческие лица получат доступ к государственным инструментам поддержки и стимулирования [1].

Первоначальным этапом реализации мер в креативном секторе является создание креативного хаба «AlatauCreative HUB» в городе Алматы на основе новых технологий в искусстве и культуре, а также креативных площадок в городе Астана, сети творческих объединений «FestivalAvenue», а также культурных объектов таких как театры, библиотеки, музеи, концертные залы, кинотеатры и другие. Но такие площадки имеются только в крупных городах страны, а проводимые мероприятия носят эпизодический характер, что означает отсутствие единой политики в данной сфере и отставание креативных индустрий в регионах.

Вместе с тем государством не предусмотрены меры по поддержке предпринимательства в сфере креативных индустрий так как отсутствует законодательная основа для этих целей, имеющиеся государственные программы в основном направлены на развитие приоритетных секторов

экономики (агропромышленный комплекс, обрабатывающая промышленность) и не учитывают особенностей развития креативных индустрий.

Казахстан стремится стать одним из лидеров в развитии креативной индустрии. В последние годы Правительство Казахстана строит долгосрочную стратегию, направленную на поддержку и поощрение креативных отраслей, приняты законодательные поправки в закон «О культуре» и предпринимательский кодекс по вопросам креативных индустрий. Закреплено понятие «креативная деятельность», «креативные индустрии».

В июне 2023 года по данным Министерства культуры и спорта РК (с сентября 2023 года Министерство культуры и информации Республики Казахстан), был определен перечень из 43 видов деятельности ОКЭД, отнесенных к креативным индустриям в таких секторах, как кино, анимация, современное искусство, ювелирное дело, IT и геймдевелопмент, телевизионные программы, фотоискусство, архитектура и мода, музыка, культурное наследие, деятельность культурно-досуговых учреждений и др.

Вместе с тем креативные индустрии определены сектором частного предпринимательства для государственной поддержки. На сегодня в рамках Национального проекта по развитию предпринимательства на 2021-2025 годы существуют меры государственной поддержки в виде предоставления льготного финансирования, грантов для реализации новых бизнес-идей, в том числе и для развития креативного бизнеса.

Выводы. В наиболее развитых странах малый бизнес в креативном секторе отличается наиболее высоким уровнем доходности, потому что он в большей степени способен решать проблему безработицы в регионах, создавать дополнительные рабочие места, развивать семейный бизнес, удовлетворять рыночный спрос местными товарами, а также обновлять устаревшее производство, внедрять инноваций в культуру и искусство, развивать внутренний туризм, развивать малые

города, способствовать возрождению забытых традиций и праздников.

Развитие креативного бизнеса имеет огромную важность по нескольким причинам:

1. Креативный бизнес способствует разработке новых и уникальных идей, продуктов и услуг. Он стимулирует инновации и помогает компаниям выделиться на рынке, привлечь клиентов и обеспечить конкурентное преимущество.

2. Креативный бизнес является одним из ключевых факторов экономического роста. Он создает рабочие места, привлекает инвестиции, способствует развитию инфраструктуры и содействует развитию других отраслей экономики.

3. Креативный бизнес способствует развитию культуры и искусства, создавая платформы для творческого выражения и распространения культурных ценностей. Он способствует сохранению и продвижению традиций, истории и национального наследия.

4. Креативный бизнес предлагает инновационные и высококачественные товары и услуги, которые улучшают качество жизни людей. Он способствует удовлетворению потребностей и желаний потребителей, создавая комфортные и уникальные возможности для развлечений и отдыха.

5. Креативный бизнес является платформой для развития и раскрытия талантов в области дизайна, искусства, музыки, моды и других творческих профессий. Он способствует обучению, тренировке и поддержке талантливых людей, помогая им реализовать свой потенциал и достичь успеха.

Таким образом, развитие креативного бизнеса играет ключевую роль в развитии экономики, культуры и общества в целом. Он способствует инновациям, привлекательности и конкурентоспособности страны или региона, а также обеспечивает улучшение качества жизни и развитие талантов.

Список использованных источников:

